




\* Ma machine



ESSENZA  
MINI  
MY MACHINE\*

NESPRESSO®

ⓀⓏ Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Руководство по эксплуатации

3

# Пайдалану жөніндегі нұсқаулық / Руководство по эксплуатации

*Nespresso* – бұл шыныаяқтан кейін шыныаяқ керемек эспрессо әзірлеу жүйесі. Барлық *Nespresso* кофемашиналары 19 бар жоғары қысымды помпамен жабдықталған. Ол мінсіз экстракция қамтамасыз етеді. Жүйенің әр параметрі blend хош иістерінің барынша ашылуына, кофе денесі мен нығыз барқыт тәрізді crema көпіршігінің жасалуына кепілдік беру үшін аса дәлдікпен есептелген.

*Nespresso* - это система приготовления идеального эспрессо чашка за чашкой. Все кофемашины *Nespresso* оснащены помпой высокого давления 19 бар, которая обеспечивает безупречную экстракцию. Каждый параметр системы вычислен с предельной точностью, чтобы гарантировать максимальное раскрытие ароматов блэнда, создание тела кофе и плотной бархатистой пенки crema.

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Егер Сіз мына белгіні көріп тұрсаңыз, жарақаттанудан және зақым келуінен сақтану үшін сақтық шаралары жөніндегі нұсқаулықты қолданыңыз.

**i АҚПАРАТ:** Егер Сіз мына белгіні көріп тұрсаңыз, құрылғыны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалану жөніндегі ұсынымдарды қолданыңыз.


**⚠ ВНИМАНИЕ:** Если Вы видите этот знак, обратитесь к инструкции по мерам предосторожности во избежание возможных травм и повреждений.

**i ИНФОРМАЦИЯ:** Если Вы видите этот знак, следуйте рекомендациям по корректному и безопасному использованию устройства.

## Шолу / Обзор

|                                                                                                                                                                               |       |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
| Қаптама ішіндегісі / Содержимое упаковки                                                                                                                                      | 3     |
| Сақтық шаралары / Меры предосторожности                                                                                                                                       | 4-11  |
| Кофемашинаға шолу / Обзор кофемашины                                                                                                                                          | 11    |
| Техникалық сипаттамалары / Технические характеристики                                                                                                                         | 11    |
| Бірінші немесе ұзақ уақыт пайдаланбаудан кейін пайдалану / Первое использование или после длительного периода неиспользования                                                 | 12    |
| Кофе әзірлеу / Приготовление кофе                                                                                                                                             | 12-13 |
| Су мөлшерін бағдарламалау / Программирование объема воды                                                                                                                      | 13    |
| Энергия үнемдеу режимі / Режим экономии энергии                                                                                                                               | 14    |
| Зауыттық баптауларға қайтару / Возврат к заводским настройкам                                                                                                                 | 14    |
| Тазалау / Очистка                                                                                                                                                             | 15    |
| Қақтан тазалау / Очистка от накипи                                                                                                                                            | 15-17 |
| Жүйені пайдаланбау уақытына, қатып қалудан сақтау үшін немесе жөндер алдын босату / Опустошение системы на время неиспользования, для защиты от замерзания или перед ремонтом | 17    |
| Ақауларды жою / Устранение неисправностей                                                                                                                                     | 18    |
| Кәдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау / Утилизация и охрана окружающей среды                                                                                              | 18    |
| Кепілдік талаптары / Условия гарантии                                                                                                                                         | 19    |
| <i>Nespresso</i> Клубының байланыс деректері / Контакты клуба <i>Nespresso</i>                                                                                                | 19    |

## Қаптама ішіндегісі / Содержимое упаковки




Пайдалану жөніндегі нұсқаулық  
Инструкция по эксплуатации



«Nespresso» қош келдіңіз» буклеті  
Буклет «Добро пожаловать в Nespresso»



*Nespresso* кофесі капсулаларының дегустациялық жинағы  
Дегустационный набор капсул кофе *Nespresso*



Кофемашина  
Кофемашина

## KZ Сақтық шаралары



**⚠ Назар аударыңыз: Егер Сіз мына белгіні көріп тұрсаңыз, жарақаттанудан және зақым келуінен сақтану үшін сақтық шаралары жөніндегі нұсқаулықты қолданыңыз.**

**ℹ Ақпарат: Егер Сіз мына белгіні көріп тұрсаңыз, құрылғыны дұрыс әрі қауіпсіз пайдалану жөніндегі ұсынымдарды қолданыңыз.**

**⚠ Назар аударыңыз: Осы сақтық шаралары кофемашинаның ажырамаc бөлігі болып табылады. Кофемашинаны оны алғаш пайдаланар алдын мұқият зерделеніз. Нұсқаулықты қажет кезде қолдану үшін қолжетімді орында сақтаңыз.**

- Кофемашина осы нұсқаулыққа сәйкес сусындар әзірлеуге арналған.
- Осы кофемашинаны басқа мақсатта пайдаланбаңыз.
- Осы кофемашина жабық жайда қалыпты температура

жағдайларында пайдалану үшін әзірленген.

- Тікелей күн сәулесінен, су бүркіндісінің және ылғалдың ұзақ әсерінен сақтаңыз.
- Осы кофемашина үйде пайдалануға арналған. Асүй аймағында, кеңселерде және басқа жұмыс орын-жайларында дүкен қызметкерлеріне, отель, мотель және басқа қонақүй түрлерінің қонақтарына пайдалануға арналмаған.
- Осы кофемашинаны 8 жасқа толған және одан үлкен жастағы балалар, егер оларға құрылғыны қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқау берілген және олар дұрыс пайдаланбаудан болатын қауіпті түсінетін болса, пайдалануына болады (үлкендердің бақылауымен). Балаларға қараусыз кофемашинаны ашып, жөндеуге жол берілмейді.
- Кофемашинаны және оның баусымын 8 жастан кіші балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

- Осы кофемашинаны қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқау алған және дұрыс пайдаланбаудан туындайтын қауіпті түсінетін болса, дене, сезімталдық немесе ақыл-ес мүмкіндіктері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар пайдалана алады.
- Балалар кофемашинамен ойнамауы тиіс.
- Кофемашинаны коммерциялық мақсатта пайдалану, дұрыс пайдаланбау немесе мақсатына сай пайдаланбау, сондай-ақ кәсіби жөндеу немесе осы нұсқаулықты сақтамау нәтижесінде пайда болған зақымдарға өндіруші жауап бермейді және кепілдік қолданылмайды.

**Өрт пайда болуынан және электр тоғынан зақымданудан сақтаңыз.**

- Қауіп төнген жағдайда дереу кофемашинаны розеткадан ашасын суырып, тоқтан ажыратыңыз.
- Кофемашинаны сәйкес келетін және оңай қолжетімді

жерге тұйықтамасы бар электр розеткасына ғана қосыңыз. Желідегі кернеудің техникалық деректер кестешесінде көрсетілген кофемашинаның жұмыс кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Кофемашинаны желіге дұрыс қоспаған жағдайда кепілдіктің күші жойылады.

**Кофемашинаны оны орнатқаннан кейін ғана желіге қосу қажет.**

- Өткір бұрыштар жанында кабелді тартпаңыз. Оны төмен салбырамайтындай етіп бекітіңіз.
- Кабелдің қызуына және оған су тиюіне жол бермеңіз.
- Егер кабель зақымданған болса, кофемашинаны өндірушіге сервистік орталыққа немесе білікті мамандарға қайтарған жөн.
- Кабелдің зақымданғанын көріп тұрсаңыз, кофемашинаны пайдаланбаңыз. Кофемашинаны қайтару үшін Nespresso клубына немесе Nespresso ресми өкілдеріне барыңыз.
- Егер пайдалану барысында ұзартқыш көмегімен қосу қажет болатын болса, кабель қимасы

- 1,5мм<sup>2</sup> кем емес немесе кіріс қуаты сәйкес келетін, жерге тұйықталған ұзартқышты ғана пайдаланыңыз.
- Зақымдап алмас үшін кофемашинаны ыстық беттерге немесе сондайларға, мәселен радиаторларға, плиталарға, газды жылытқыштарға, ашық отқа және т.с.с. жақын қоймаңыз.
- Кофемашинаны тегіс көлденең тұрақты беттерге орнатыңыз. Бет қызуға және су, кофе, қаққа қарсы құралдар және т.с.с. сұйықтықтарға тұрақты болуы тиіс.
- Ұзақ пайдаланбайтын болсаңыз, кофемашинаны желіден ажыратып қойыңыз. Кофемашинаны желіден ажыратқанда ашаны суырған кезде сымды зақымдап алмас үшін тартпаңыз.
- Тазалар және жөндер алдын ашаны розеткадан суырыңыз да кофемашинаны суытып алыңыз.
- Құрылғыны ажырату үшін сусынды дайындауды тоқтатып, розеткадан ашаны

суырыңыз.

- Кабелді ешқашан да сулы қолдарыңызбен ұстамаңыз.
  - Кофемашинаны немесе оның бөліктерін суға немесе басқа сұйықтыққа ешқашан малмаңыз.
  - Кофемашинаны немесе оның бөлігін тазалау үшін ешқашан ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаңыз.
  - Су мен тоқтың әрекеттесуі қауіпті әрі электр тоғынан зақымдану нәтижесінде өлімге душар етуі мүмкін.
  - Кофемашина кернеулі – оны электр тоғынан зақымданбас үшін ешқашан ашпаңыз.
  - Кофемашина тесіктеріне бөгде заттарды салмаңыз. Бұл электр тоғынан зақымдануға немесе өртенуге әкелуі мүмкін.
  - Құрылғыны өндіруші ұсынған мақсатта пайдаланбау өртке, электр тоғынан зақымдануға әкелуі немесе денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін.
- Кофемашинаны пайдаланғанда жарақаттанып қалудан сақтаныңыз.**
- Кофемашинаны істеп тұрған

уақытында қараусыз қалдырмаңыз.

- Зақымданған болса немесе дұрыс жұмыс істемей тұрса, кофемашинаны пайдаланбаңыз. Кофемашинаны дереу желіден ажыратыңыз. Диагностикалау және ақауды жою немесе жөндеу үшін Nespresso клубымен немесе Nespresso ресми дилерімен байланысыңыз.
- Зақымданған кофемашинаны пайдалану салдарынан электр тоғынан зақымдану, күйіп қалу және өрттену қаупі бар.
- Тетікті әрдайым жауып отырыңыз және жұмыс уақытында оны ешқашан көтеруші болмаңыз. Күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Күйіп қалмас үшін кофе шүмегіне саусағыңызды қоймаңыз.
- Саусағыңызды капсулаларға арналған тесікке салмаңыз. Жарақаттануыңыз мүмкін.
- Су жүзбен тесілмеген капсула жанынан ағып, кофемашинаны зақымдауы мүмкін.

- Пайдаланылған, зақымданған немесе өзгеріске ұшыраған капсулаларды пайдалануға мүлде болмайды. Капсула капсула ұстағыш бөлімінде қысылып қалған жағдайда қандай да бір амал қолданбас бұрын кофемашинаны өшіріп, желіден ажыратыңыз. Nespresso клубына немесе Nespresso ресми өкіліне қоңырау шалыңыз.
- Сұйыққоймаға таза ауызсу ғана толтырыңыз.
- Егер Сіз кофемашинаны ұзақ уақыт пайдаланбауды жоспарлап отырсаңыз (мәселен, демалыс уақытында және т.б.), су сұйыққоймасын босатыңыз.
- Егер кофемашинаны бірнеше күн пайдаланбаған болсаңыз, сұйыққоймадағы суды таза сумен ауыстырыңыз.
- Қоршаған беттерге сұйықтық тигізіп алмас үшін кофемашинаны тамшы табандығысыз және торсыз пайдаланбаңыз.
- Жемір тазалағыш құралды немесе химиялық тазалауға арналған еріткіштерді пайдаланбаңыз.

## Сақтық шаралары

Кофемашина бетін тазалау үшін сулы мата мен жұмсақ тазалағыш құралды пайдаланыңыз.

- Кофемашинаны тазалау үшін ұсынылған құралдарды ғана пайдаланыңыз.
- Кофемашинаны қаптамадан алып шығарда тамшы табандығынан үлбірін шешіп алып, кедеге жаратыңыз.
- Осы кофемашина Nespresso жасаған капсулалармен ғана жұмыс істейді. Оларды тек қана Nespresso клубынан Nespresso дүңгіршектерінен, Nespresso интернет-дүңгіршегінен немесе Nespresso мобилді қосымшасының көмегімен сатып алуға болады.
- Барлық Nespresso кофемашиналары қатаң сапа бақылауынан өтеді. Кездейсоқ таңдалған кофемашиналарда нақты пайдалану жағдайларында тест өткізіледі. Сондықтан кейбір машиналарда бұрын пайдалану іздері қалуы мүмкін.

- Nespresso алдын ала хабарлаусыз нұсқаулықты өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

### Қақтан тазалау

- Қақ кетіретін құралды дұрыс пайдаланған жағдайда Nespresso кофемашинаның барлық қызмет мерзімі бойы дұрыс жұмыс істейтініне және кофенің өзгермес тамаша дәмді болатынына кепілдік береді.
- Қақтан тазалауды нұсқаулықтағы ұсынымдарға және хабарландыруларға сәйкес жүргізіңіз.

### НҰСҚАУЛЫҚТЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ

Нұсқаулықты кофемашинаны әрі қарай пайдаланатын адамға беріңіз. Осы нұсқаулықты PDF пішімінде [nespresso.com](http://nespresso.com) сайтынан табуға болады.

ENC

## Меры предосторожности



**⚠ Внимание: Если Вы видите этот знак, обратитесь к инструкции по мерам предосторожности во избежание возможных травм и повреждений.**

**ℹ Информация: Если Вы видите этот знак, следуйте рекомендациям по корректному и безопасному использованию устройства.**

**⚠ Внимание: Данные меры предосторожности являются неотъемлемой частью кофемашины. Внимательно изучите их перед первым использованием кофемашины. Храните их в доступном месте, чтобы при**

**необходимости обратиться к ним.**

- Кофемашина предназначена для приготовления напитков в соответствии с данной инструкцией.
- Не используйте данную кофемашину не по назначению.
- Данная кофемашина разработана для использования в закрытом помещении в нормальных температурных условиях.
- Не допускайте попадания прямых солнечных лучей, длительного воздействия брызг воды и влажности.
- Данная кофемашина предназначена для домашнего использования.

- Не предназначена для использования персоналом магазинов в зоне кухни, в офисах и других рабочих помещениях, гостями отелей, мотелей и прочих видов гостиничных.
- Данную кофемашину могут использовать (под присмотром взрослых) дети, достигшие 8 лет и старше, если они проинструктированы касательно безопасного использования и осознают опасность при неправильной эксплуатации. Очистка и ремонт кофемашины детьми без присмотра недопустимы.
  - Храните кофемашину и ее шнур в месте, недоступном для детей младше 8 лет.
  - Данная кофемашина

может использоваться лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями или отсутствием опыта и знаний, если они проинструктированы касательно безопасного использования и осознают опасность при неправильной эксплуатации.

- Дети не должны играть с кофемашиной.
- Производитель не несет ответственности, и действие гарантии не распространяется на повреждения, возникшие в результате коммерческого использования кофемашины, неправильного использования или

использования не по назначению, а также непрофессионального ремонта или несоблюдения настоящей инструкции.

### **Берегитесь возникновения пожара и поражения электрическим током.**

- В случае опасности немедленно отключите кофемашину от сети, выдернув вилку из розетки.
- Включайте кофемашину только в подходящую и легко доступную электрическую розетку с заземлением. Убедитесь, что напряжение в сети соответствует рабочему напряжению кофемашины, указанному на табличке технических данных.

При неправильном подключении кофемашины к сети гарантия аннулируется.

### **Кофемашина должна быть подключена к сети только после ее установки.**

- Не протягивайте кабель около острых углов. Закрепите так, чтобы он не свисал вниз.
- Не допускайте нагревания или попадания влаги на кабель.
- Если кабель или вилка повреждены, их необходимо заменить. Для этого следует вернуть кофемашину производителю, в сервисный центр или лицам аналогичной квалификации.
- Не используйте кофемашину, если

## RU Меры предосторожности

ее кабель или вилка повреждены. Для возврата кофемашины обратитесь в Клуб *Nespresso* или к официальным представителям *Nespresso*.

- Если во время использования требуется подключение с помощью удлинителя, используйте только заземленный удлинитель с сечением кабеля не менее 1,5 мм<sup>2</sup> или соответствующий входной мощности.
- Во избежание повреждения не ставьте кофемашину на горячие поверхности или вблизи таковых, например, радиаторов, плит, газовых горелок, открытого огня и пр.
- Всегда ставьте кофемашину на ровные

горизонтальные, устойчивые поверхности. Поверхность должна быть стойкой к нагреванию и жидкостям, таким как вода, кофе, средства от накипи и пр.

- Оборудование не должно располагаться в шкафу в процессе использования.
- Отключайте кофемашину от сети в случае длительного неиспользования. При отключении кофемашины от сети, вынимая вилку из розетки, не тяните за провод во избежание его повреждения.
- Перед очисткой и ремонтом выньте вилку из розетки и дайте кофемашине остыть.
- Чтобы отключить

устройство, остановите приготовление напитка и извлеките вилку из розетки.

- Никогда не трогайте кабель мокрыми руками.
- Никогда не погружайте кофемашину или ее части в воду или другую жидкость.
- Никогда не используйте посудомоечную машину для очистки кофемашины или ее частей.
- Взаимодействие воды и тока опасно и может привести к летальному исходу вследствие поражения электрическим током.
- Кофемашина находится под напряжением - никогда не вскрывайте ее во избежание удара электрическим током.
- Не вставляйте

посторонние предметы в отверстия кофемашины. Это может привести к поражению электрическим током или возгоранию.

- Использование прибора не по назначению, рекомендованному производителем, может вызвать возгорание, поражение электрическим током или причинить вред здоровью.

### **Избегайте возможных травм при использовании кофемашины.**

- Не оставляйте кофемашину без присмотра во время работы.
- Не используйте кофемашину, если она повреждена

- или неправильно работает. Немедленно отсоедините кофемашину от сети. Свяжитесь с клубом *Nespresso* или официальным представителем *Nespresso* для диагностики, устранения неисправности или ремонта.
- Эксплуатация поврежденной кофемашины может вызвать поражение электрическим током, ожоги и возгорания.
  - Всегда закрывайте рычаг и никогда не поднимайте его во время работы. Это может привести к ошпариванию.
  - Не подставляйте пальцы под носик подачи кофе во избежание

ошпаривания.

- Избегайте попадания пальцев в отверстие для капсул. Это может привести к травмам.
- Вода может протечь вокруг капсулы, не проткнутой лезвиями, и повредить кофемашину.
- Настоятельно рекомендуется не использовать отработанные, поврежденные или деформированные капсулы. В случае застревания капсулы в отделении капсулодержателя выключите кофемашину и отсоедините от сети, прежде чем предпринимать какие-либо действия. Позвоните в Клуб *Nespresso* или официальному представителю

*Nespresso*.

- Заполняйте резервуар только чистой питьевой водой.
- Если Вы планируете длительное время не использовать кофемашину (например, во время отпуска и т.д.), опорожняйте резервуар для воды.
- Замените воду в резервуаре на свежую, если Вы не использовали кофемашину в течение нескольких дней.
- Не используйте кофемашину без поддона для сбора капель и решетки, чтобы не допустить попадания жидкостей на окружающие поверхности.
- Не используйте агрессивное чистящее средство или

растворители для химической чистки. Используйте влажную ткань и мягкое чистящее средство для очистки поверхности кофемашины.

- Для очистки кофемашины используйте только рекомендованные средства.
- Вынимая кофемашину из упаковки, снимите пленку споддона для сбора капель и утилизируйте ее.
- Данная кофемашина работает только с капсулами, созданными *Nespresso*, которые можно приобрести исключительно в Клубе *Nespresso*, Бутиках *Nespresso*, Интернет-Бутике *Nespresso* или с помощью мобильного приложения *Nespresso*.

## Меры предосторожности

- Все кофемашины *Nespresso* проходят строгий контроль качества. На случайно отобранных кофемашинах проводятся тесты в условиях фактической эксплуатации. Поэтому на некоторых машинах могут остаться следы предыдущего использования.
- *Nespresso* оставляет за собой право изменить инструкции без предварительного уведомления.

### Очистка от накипи

- При правильном использовании средства от накипи *Nespresso* гарантирует исправную работу кофемашины в течение всего срока службы и неизменно превосходный вкус

кофе.

- Проводите очистку от накипи в соответствии с рекомендациями в инструкции и оповещениями.

### СОХРАНИТЕ ДАННУЮ ИНСТРУКЦИЮ


Передайте инструкцию человеку, который будет пользоваться кофемашиной впоследствии.

Данную инструкцию можно найти в формате PDF на сайте [nespresso.com](http://nespresso.com)

EAC

# Кофемашинаға шолу / Обзор кофемашины

KZ  
RU



KZ

## Бірінші немесе ұзақ уақыт пайдаланбаудан кейін пайдалану /

RU


## Первое использование или после длительного периода неиспользования

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Алдымен электр тоғынан өлердей зақымданбас немесе өрт шықпас үшін қауіпсіздік шараларымен танысыңыз.

**⚠ ВНИМАНИЕ:** В первую очередь ознакомьтесь с мерами безопасности во избежание риска смертельного поражения электрическим током или пожара.

**i Зауыттық баптаулар:** Эспрессо шыныаяғы: 40 мл, Лунго шыныаяғы: 110 мл, автоматты өшіру: 9 мин.

**Заводские настройки:** чашка Эспрессо: 40 мл, чашка Лунго: 110 мл, автовыключение: через 9 мин.



**1** Сұйыққойманы ауызсу толтырар алдын шайыңыз. Контейнерді (кемінде 1 л) кофе шығатын шүмек астына қойыңыз. Кофемашинаны желіге қосыңыз.

**Промойте** резервуар перед заполнением питьевой водой. Разместите контейнер (объемом мин. 1 л) под носик подачи кофе. Включите кофемашину в сеть.



**2** Кофемашинаны қосу үшін Эспрессо немесе Лунго батырмасын басыңыз.

- Индикатор жыпылықтап тұр: қызып жатыр.
- Индикатор жанып тұр: кофемашина дайын.

**Нажмите кнопку** Эспрессо или Лунго для включения кофемашины.

- Индикатор мигает: происходит нагрев
- Индикатор светится: кофемашина готова

**3** Кофемашинаны шаю үшін Лунго батырмасын басыңыз. 3 рет қайталаңыз.

**Нажмите кнопку** Лунго для промывки кофемашины. Повторите 3 раза.

**4** Кофемашинаны өшіру (автоматты өшіру режимі іске қосылғанша) үшін Эспрессо мен Лунго батырмаларын бір уақытта басыңыз.

**Для выключения** кофемашины (до режима автоматического выключения) нажмите одновременно кнопки Эспрессо и Лунго.


## Кофе әзірлеу / Приготовление кофе

**1** Кофемашинаны қосу үшін Эспрессо не Лунго батырмасын басыңыз.

- Индикатор жыпылықтап тұр: қызып жатыр.
- Индикатор жанып тұр: кофемашина дайын.


**Для включения** кофемашины нажмите кнопку Эспрессо или Лунго.

- Индикатор мигает: происходит нагрев
- Индикатор светится: кофемашина готова



**2** Тетікті толық көтеріп, капсула салыңыз.

**Полностью** поднимите рычаг и вставьте капсулу.



**3** Тетікті түсіріп, кофе құятын құрылғы астына шыныаяқ қойыңыз.

**Опустите рычаг** и поместите чашку под устройство подачи кофе.

## Кофе әзірлеу / Приготовление кофе




- ⚠** Кофемашина жұмыс істеп тұрған уақытта ешқашан тетікті көтермеңіз, пайдаланар алдын сақтандыру шараларымен міндетті түрде танысып шығыңыз.
- ⚠** **Никогда не поднимайте рычаг во время работы кофемашины, обязательно ознакомьтесь с мерами предосторожности перед началом эксплуатации.**

**i** Қызып жатқан кезде Сіз кез келген кофе құю батырмасын басыуыңызға болады. Кофе дайын болғанына қарай автоматты түрде құйылады.  
**Во время нагрева** Вы можете нажать любую кнопку подачи кофе. Кофе будет подаваться автоматически по мере готовности.



- 4** **Кофені құю үшін** Эспрессо (40мл) немесе Лунго (110 мл) батырмасын басыңыз. Кофені дайындау автоматты түрде тоқтайды. Кофенің құйылуын тоқтату немесе кофені қосып құю үшін батырманы тағы бір басыңыз.


**Для подачи кофе нажмите кнопку Эспрессо (40 мл) или Лунго (110 мл).** Приготовление кофе остановится автоматически. Для остановки подачи кофе или добавки кофе нажмите кнопку еще раз.



- 5** **Шыныаяқты алыңыз.** Капсуланы пайдаланылған капсулалар контейнеріне түсіру үшін тетікті көтеріп, түсіріңіз.


**Уберите чашку** Поднимите и опустите рычаг для извлечения капсулы в контейнер для использованных капсул.

## Су мөлшерін бағдарламалау / Программирование объема воды



- 1** **Кофемашинаны қосып, әзірлік режимін** (индикаторлардың тұрақты жануын) күтіңіз. Сұйыққоймаға ауызсу толтырып, капсула салыңыз.

**Включите кофемашину** и подождите режима готовности (постоянное свечение индикаторов). Наполните резервуар питьевой водой и вставьте капсулу.



- 2** **Шыныаяқты кофе құятын құрылғы астына қойыңыз.** Эспрессо немесе Лунго батырмасын басып, ұстап тұрыңыз. Қалаған мөлшерге қол жеткізгенде батырманы жіберіңіз. Индикаторлар жаңа баптауларды растау үшін 3 рет жыпылықтайды. Су мөлшерінің деңгейі жадта сақталды.

**Поставьте чашку** под устройство подачи кофе. Нажмите и удерживайте кнопку Эспрессо или Лунго. Отпустите кнопку при достижении желаемого объема. Индикаторы мигнут 3 раза для подтверждения новых настроек. Уровень объема воды сохранился в памяти.

## KZ Энергия үнемдеу режимі / Режим экономии энергии

RU


**Кофемашина энергия үнемдеу режимімен жабдықталған.**  
Кофемашина оснащена функцией энергосбережения.

**Кофемашина 9 минуттан кейін автоматты түрде өшіру режиміне өтеді.**  
Кофемашина автоматически переходит в режим выключения через 9 минут.

Баптауларды өзгерту үшін/Для изменения настроек:



> 5 sec



- 1 Кофемашина өшірулі тұрғанда Эспрессо батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз. Эспрессо батырмасы ағымдағы баптауларды көрсетіп, жыпылықтай бастайды.

При выключенной кофемашине нажмите и удерживайте кнопку Эспрессо в течение 5 секунд. Кнопка Эспрессо начнет мигать, показывая текущие настройки.

- 2 Мәнді өзгерту үшін Эспрессо батырмасын басыңыз: 30 минуттан кейін өшіруді орнату үшін бір рет. 9 минуттан кейін өшіруді орнату үшін екі рет.



1x бір рет жыпылықтау: 9 минуттан кейін



2x екі рет жыпылықтау: 30 минуттан кейін


Для смены значения нажмите кнопку Эспрессо: Один раз для установки отключения через 30 минут. Два раза для установки отключения через 9 минут.




1x единарзовое мигание: выключение через 9 мин.



2x двойное мигание: выключение через 30 мин.



> 5 sec




- 3 Энергия үнемдеу режимінен шығу үшін Лунго батырмасын басып, 5 секунд ұстаңыз.


Для выхода из режима энергосбережения нажмите и удерживайте кнопку Лунго в течение 5 секунд.

## Зауыттық баптауларға қайтару / Возврат к заводским настройкам

**Зауыттық баптаулар:** Эспрессо шыныаяғы: 40 мл, Лунго шыныаяғы: 110 мл, автоматты өшіру: 9 минуттан кейін.  
**Заводские настройки:** чашка Эспрессо: 40 мл, чашка Лунго: 110 мл, автоматическое выключение через 9 мин.




> 5 sec




- 1 Кофемашина өшірулі тұрғанда Лунго батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

При выключенной кофемашине нажмите кнопку Lungo и удерживайте в течение 5 секунд.



- 2 Индикаторлар зауыттық баптауларға қайтаруды растау үшін 3 рет тез жыпылықтайды.

Индикаторы быстро мигнут 3 раза для подтверждения сброса к заводским настройкам.



- 3 Индикаторлар, қызған кездегідей, дайын болғанша жыпылықтап тұрады.  
- Индикаторлар тұрақты жанып тұр: кофемашина дайын


Индикаторы продолжают мигать, как при нагреве, до готовности.  
- Индикаторы горят постоянно: кофемашина готова

## Тазалау / Очистка




- ⚠ **Электр тоғынан зақымдану қаупі.** Кофемашинаны немесе оның бөліктерін ешқашан суға малмаңыз./ Тазалар алдын кофемашинаның желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз./ Жемір тазалау құралдарын немесе еріткіштер негізіндегі тазалау құралдарын пайдаланбаңыз. / Өткір заттарды, қылсаптарды немесе абразив заттарды пайдалану ұсынылмайды. / Ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.

**Риск поражения электрическим током.** Никогда не погружайте кофемашину или ее части в воду. / Перед очисткой убедитесь что кофемашина отключена от сети. / Не используйте агрессивные чистящие средства или чистящие средства на основе растворителей. / Не рекомендуется использовать острые предметы, щетки или абразивные средства. / Не допускается мойка в посудомоечной машине.



- 1 Тамшы табандығын, пайдаланылған капсулалар контейнерін қойғышты және капсулалар контейнерін күн сайын босатып отырыңыз. Сонымен қатар, қапакты су сұйыққоймасын шешіп, оны иіссіз құрал көмегімен жуыңыз, жылы/ыстық сумен шайыңыз.

Опустошайте поддон для капель, подставку контейнера для использованных капсул и контейнер для капсул ежедневно. Также снимите резервуар для воды с крышкой и промойте их моющим средством без запаха, сполосните теплой/горячей водой.



- 2 Таза сүлгі, мата сүрткіш немесе қағаз көмегімен барлық бөліктерін кептіріңіз де оларды қайта құрастырыңыз. Кофе құятын құрылғыны және кофемашинаның ішкі кеңістігін ылғал матамен ұдайы тазалап отырыңыз.

Высушите все части при помощи чистого полотенца, тканевой салфетки или бумаги и снова соберите все детали. Регулярно очищайте устройство подачи кофе и внутреннее пространство кофемашины влажной тканью.

## Қақтан тазалау/Очистка от накипи


[www.nespresso.com/descaling](http://www.nespresso.com/descaling) / [www.nespresso.com/descaling](http://www.nespresso.com/descaling)

- ⚠ **Қақты кетіруге арналған сұйықтық қауіпті болуы мүмкін.** Көзге, теріге және материал беттеріне тигізбеңіз. Келесі кесте Сізге қақтан тазалаудың жүйелілігін анықтауға көмек болады. Егер Сізде қақтан тазалауға қатысты қосымша сұрақтарыңыз туындаса, Nespresso клубына жүгініңіз.
- ⚠ **Жидкость для очистки от накипи может быть опасна.** Избегайте контакта с глазами, кожей и поверхностями материалов. Следующая таблица поможет Вам определить регулярность очистки от накипи. Если у Вас возникнут дополнительные вопросы относительно очистки от накипи, обратитесь в Клуб Nespresso.

# Қақтан тазалау/Очистка от накипи

[www.nespresso.com/descaling](http://www.nespresso.com/descaling) / [www.nespresso.com/descaling](http://www.nespresso.com/descaling)

**i** Қақтан тазалауға шамамен 15 минут кетеді.  
Процесс очистки от накипи занимает около 15 минут



**1** Капсуланы пайдаланылған капсулалар контейнеріне түсіру үшін тетікті көтеріп, түсіріңіз.

Поднимите и опустите рычаг для извлечения капсулы в контейнер для использованных капсул.




**2** Тамшы табандығын, пайдаланылған капсулалар контейнерін қойғышты және капсулалар контейнерін босатыңыз.

Опустошите поддон для капель, подставку контейнера для использованных капсул и контейнер для капсул.




**3** Қақ кетіруге арналған Nespresso құралының 1 қапшығын су сұйыққоймасына салыңыз. Су сұйыққоймасына 0,6 л ауызсу құйыңыз

Налейте 1 пакет средства для удаления накипи Nespresso в резервуар для воды. Наполните резервуар для воды 0,6 л. питьевой воды.




**4** Контейнерді (аз дегенде 1 л) кофе құятын құрылғы астына қойыңыз.

Поставьте контейнер (минимум 1 л) под устройство подачи кофе.




**5** Қақ кетіру режимін белсенді ету үшін кофемашина қосұлы тұрғанда Эспрессо мен Лунго батырмаларын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

Для активации режима удаления накипи, нажмите и удерживайте кнопки Эспрессо и Лунго в течение 5 секунд при включенной кофемашине.




**6** Екі индикатор жыпылықтап тұр. Оба индикатора мигают.



**7** Лунго батырмасын басып, судың сұйыққоймадан толық төгілуін күтіңіз.

Нажмите на кнопку Лунго и дождитесь полного слива воды из резервуара.



**8** Пайдаланылған ерітіндіні сұйыққоймаға құйып, 4 және 7 қадамдарды қайталаңыз.

Налейте использованный раствор в резервуар и повторите шаги 4 и 7.



**9** Ерітіндіні төгіп, су сұйыққоймасын шайыңыз. Ауызсу толтырыңыз.

Слейте раствор и промойте резервуар для воды. Наполните питьевой водой.

- 10** Бәрі дайын болғанда кофемашинаны қайта жуу үшін 4 пен 7 қадамдарды қайталаңыз. Екі рет қайталаңыз.

Когда всё будет готово, повторите шаги 4 и 7 для повторной промывки кофемашин. Повторите дважды.

- 11** Қақты кетіру режимінен шығу үшін Эспрессо мен Лунго батырмаларын бір уақытта басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

Для выхода из режима удаления накипи нажмите и удерживайте одновременно кнопки Espresso и Lungo в течение 5 секунд.



- 12** Пайдаланылған капсулалар контейнерін қойғышты босатыңыз. Опустошите подставку контейнера для использованных капсул.


Судың кермектігі: / Жесткость воды:

|                          | fH | dH | CaCO <sub>3</sub> |  (40 ml) |
|--------------------------|----|----|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ж (ЖОҒАРЫ) / В (ВЫСОКАЯ) | 36 | 20 | 360 mg/l          | 300                                                                                       |
| О (ОРТА) / С (СРЕДНЯЯ)   | 18 | 10 | 180 mg/l          | 600                                                                                       |
| Т (ТӨМЕН) / Н (НИЗКАЯ)   | 0  | 0  | 0mg/l             | 1200                                                                                      |

Кейін қақтан тазалау: / Очистка от накипи после:


fH Француз стандарты / Французский стандарт  
dH Неміс стандарты / Немецкий стандарт  
CaCO<sub>3</sub> Кальций карбонаты / Карбонат кальция

## Пайдаланбау уақытына, қатып қалудан қорғау үшін немесе жөндер алдын жүйені босату / Опустошение системы На время неиспользования, для защиты от замерзания или перед ремонтом




- 1** Жүйені босату режиміне кіру үшін кофемашинаны өшіру үшін Эспрессо мен Лунго батырмаларын бір уақытта басыңыз.

Для входа в режим опустошения системы одновременно нажмите кнопки Espresso и Lungo для отключения кофемашин.



- 2** Су сұйыққоймасын ағытып, тетікті көтеріңіз. Контейнерді кофе құятын құрылғы астына қойыңыз.

Отсоедините резервуар для воды и поднимите рычаг. Поставьте контейнер под устройство подачи кофе.




- 3** Эспрессо мен Лунго батырмаларын бір уақытта басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз. Қос индикатор кезек-кезек жыпылықтайды.

Нажмите и удерживайте кнопки Espresso и Lungo в течение 5 секунд одновременно. Оба индикатора мигают попеременно.

- 4** Кофемашинаны босату процесі басталады. Кофемашина процесс аяқталысымен автоматты түрде өшеді.

Начинается процесс опустошения кофемашин. Кофемашина отключится автоматически по завершении процесса.



- 5** Тетікті жабыңыз.

Пайдаланылған капсулалар контейнерін, тамшы табандығын және пайдаланылған капсулалар контейнерін қойғышты босатып, тазалаңыз.

Закройте рычаг.

Опустошите и очистите контейнер для использованных капсул, поддон для капель и подставку контейнера для использованных капсул.



## Ақауларды жою / Устранение неисправностей

|                                                                |                                                                                                                                                                                                                                            |
|----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Индикатор жанбайды.                                            | - Желіге қосылуды тексеріңіз: розетканы, кернеуді, сақтандырышты.<br>Проблема туындағанда Nespresso клубына қоңырау шалыңыз.                                                                                                               |
| Кофе және/немесе су құйылмайды.                                | - Бірінші пайдалану: су сұйыққоймасына температурасы 55°C аспайтын жылы су толтырып, 15-беттегі нұсқаулықтарды қолданыңыз.<br><br>- Су сұйыққоймасы бос. Толтырыңыз.<br><br>- Қажет болса, қақты кетіріңіз; «Қақтан тазалау» бөлімін қара. |
| Кофе баяу ағады.                                               | - Кофенің ағуы оның сұрыбына байланысты.<br><br>- Қақтан тазалау қажет болса, «Қақтан тазалау» бөлімін қара.                                                                                                                               |
| Кофе онша ыстық емес.                                          | - Шыныаяқты жылытыңыз.<br><br>- Қажет болса, қақты кетіріңіз.                                                                                                                                                                              |
| Контейнер арқылы ағу (контейнерде су бар).                     | - Капсуланы дұрыс салыңыз. Аққан жағдайда Nespresso Клубына жүгініңіз.                                                                                                                                                                     |
| Тұрақсыз жыпылықтау.                                           | - Құрылғыны жөндеуге беріңіз немесе Nespresso Клубына қоңырау шалыңыз.                                                                                                                                                                     |
| Кофе жоқ (капсуланың орнатылғанына қарамастан, су ғана ағады). | - Проблема туындаған жағдайда Nespresso Клубына қоңырау шалыңыз.                                                                                                                                                                           |

|                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Не горит индикатор.                                             | - <b>Проверьте</b> подключение к сети: розетку, напряжение, предохранитель. При возникновении проблем <b>позвоните</b> в Клуб Nespresso.                                                                                                                                                      |
| Нет подачи кофе/или воды.                                       | - Первое использование: <b>заполните</b> резервуар для воды теплой водой (макс. 55°C) и действуйте согласно инструкциям на стр. 15.<br><br>- Резервуар для воды пуст. <b>Заполните</b> резервуар для воды.<br><br>- При необходимости <b>удалите накипь</b> ; см. раздел «Очистка от накипи». |
| Слабый ток кофе.                                                | - Ток кофе зависит от его сорта.<br><br>- Если необходима очистка от накипи; см. раздел «Очистка от накипи».                                                                                                                                                                                  |
| Кофе недостаточно горячий.                                      | - <b>Подогрейте</b> чашку.<br><br>- <b>Удалите накипь</b> при необходимости.                                                                                                                                                                                                                  |
| Протечка через контейнер (вода в контейнере).                   | - <b>Правильно</b> установите капсулу. При протечке позвоните в Клуб Nespresso.                                                                                                                                                                                                               |
| Мигание с нерегулярными интервалами.                            | - <b>Отправьте</b> прибор в ремонт или позвоните в Клуб Nespresso.                                                                                                                                                                                                                            |
| Нет кофе (течет только вода (несмотря на вставленную капсулу)). | - В случае проблем, <b>позвоните</b> в Клуб Nespresso.                                                                                                                                                                                                                                        |

## Көдеге жарату және қоршаған ортаны қорғау / Утилизация и охрана окружающей среды

Осы кофемашина EU Directive 2012/19/EC директивасына сәйкес келеді. Қаптау материалы мен кофемашинада екінші рет қайта өңделетін материалдар бар. Сіздің кофемашинаңызда қалпына келтірілетін немесе қайта өңделетін бағалы материалдар бар. Көдеге жаратылатын қалдықтарды түрлері бойынша бөлу бағалы шикізатты қайта өңдеуді жеңілдетеді. Кофемашинаңызды қалдық жинайтын орынға қалдырыңыз. Сіз өзіңіздің жергілікті билік органдарынан ақпарат ала аласыз. Nespresso көдеге жарату бағдарламасы туралы толығырақ ақпаратты [www.nespresso.com/positive](http://www.nespresso.com/positive) сайтында ала аласыз.

Данная кофемашина соответствует директиве EU Directive 2012/19/EC. Упаковочный материал и кофемашина содержат материалы, которые могут быть вторично переработаны. Ваша кофемашина содержит ценные материалы, которые могут быть восстановлены или вторично переработаны. Разделение утилизируемых отходов по типам облегчает повторную переработку ценного сырья. Оставьте вашу кофемашину в пункте сбора. Вы можете получить информацию об утилизации от ваших местных властей. Узнать больше о программе утилизации Nespresso Вы можете на сайте [www.nespresso.com/positive](http://www.nespresso.com/positive)

## Кепілдік талаптары / Условия гарантии

*Nespresso* кофемашинаға екі жылға кепілдік береді. Кофемашинаның қызмет мерзімі 2 жыл. Кепілдік мерзімі сатылған күнінен басталады. Сату күнін растау үшін *Nespresso* компаниясына сату дерегін растайтын құжаттың түпнұсқасын беру қажет. Кепілдік мерзімі ішінде *Nespresso* кез-келген ақаулы тауарды өз еркімен жөндеп беруі немесе ауыстырып беруі тиіс. Ауыстырылған тауарға немесе жөнделген бөлшектерге кепілдік бастапқы кепілдіктің қалған мерзіміне ғана немесе алты айға, яғни екеуден ұзақ мерзімге қолданылады. Осы шектеулі кепілдік салғырттық, апат, дұрыс пайдаланбау салдарынан немесе *Nespresso* саналы бақылауынан тыс кез-келген басқа себеппен, соның ішінде, бірақ шектелмей: қалыпты тозу және амортизация, тауар нұсқаулығын мұқият сақтамау немесе сақтамау, дұрыс немесе жеткілікті күтім жасамау және техникалық қызмет көрсетпеу, кальцийдің немесе қақтың түзілуі; дұрыс емес қуат көзіне қосу; уәкілетті емес адамның жөндеуі немесе өзгертуі; коммерциялық мақсатта пайдалану; өрт, найзағай, су басу немесе басқа сыртқы факторлар салдарынан туындаған ақауға қолданылмайды. Осы кепілдік кофемашина сатып алынған елдің аумағында ғана, сондай-ақ *Nespresso* осы өнімді ұқсас техникалық сипаттамаларымен өткізетін басқа елдерде қолданылады. Тауарды сатып алған елдің сыртында кепілдік бойынша қызмет көрсету қызмет көрсететін елдегі тиісті кепілдік талаптарымен және ережелерімен шектеледі. Егер осы кепілдік жөндеу немесе ауыстыру құнын жаппаса, *Nespresso* тауар иелеріне бұны хабарлап, олардан ақы алуы тиіс. *Nespresso*, егер осы шектеулі кепілдік талаптары осы тауарды сатуға қолданылатын міндетті заңды құқықтарды қайтармаса, шектемесе не өзгертпесе немесе осы құқықтарды толықтырмаса, қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы шектеулі кепілдік бойынша толық жауапкершілік арқалайды. Байланыс деректерін алу үшін біздің [www.nespresso.com](http://www.nespresso.com) веб-сайтына кіріңіз.

*Nespresso* предоставляет гарантию на кофемашину сроком на 2 года. Срок службы кофемашины составляет 2 года. Гарантийный срок начинается с даты продажи. Для подтверждения даты продажи компании *Nespresso* необходимо предоставить оригинал документа, подтверждающего факт продажи. В течение гарантийного срока *Nespresso* должна отремонтировать или заменить по своему усмотрению любой бракованный товар. На замененный товар или отремонтированные детали гарантия распространяется только на остаток срока первоначальной гарантии или на шесть месяцев, то есть на более длительный срок из двух. Настоящая ограниченная гарантия не распространяется на брак, возникший вследствие халатности, аварии, неправильного использования или по любой другой причине, выходящей за рамки разумного контроля *Nespresso*, включая, но не ограничиваясь: нормальный износ и амортизация, невнимательное соблюдение или несоблюдение инструкции товара, неправильное или недостаточное содержание и техническое обслуживание, отложения кальция или накипи; подключение к неправильному источнику питания; ремонт или модификация неуполномоченным лицом; использование в коммерческих целях; пожар, молния, потоп или прочие внешние факторы. Настоящая гарантия распространяется только на территории страны, где кофемашина была приобретена, а также в других странах, где *Nespresso* реализует данный продукт с идентичными техническими характеристиками. Гарантийное обслуживание за пределами страны приобретения товара ограничивается условиями и положениями соответствующей гарантии в стране обслуживания. Если настоящая гарантия не покрывает стоимость ремонта или замены, то представитель *Nespresso* должен известить владельца и взять плату с владельца. *Nespresso* несет полную ответственность по настоящей ограниченной гарантии в соответствии с применимым законодательством, если условия настоящей ограниченной гарантии не исключают, ограничивают или изменяют обязательные законные права, которые распространяются на продажу данного товара или дополняют данные права. Для получения контактных данных посетите наш веб-сайт [www.nespresso.com](http://www.nespresso.com)

## Nespresso клубының байланыс деректері / Контакты клуба Nespresso

**Қосымша проблемалар туындаған жағдайда** немесе қандай да бір қосымша ақпарат алу қажет болғанда *Nespresso* клубына жүріңіз. *Nespresso* клубының немесе *Nespresso* жақын арадағы өкілінің байланыс деректерін «*Nespresso-ға* қош келдіңіз» буклетінен, сондай-ақ [www.nespresso.com](http://www.nespresso.com) сайтында «Байланыс деректері» бөлімінен табуға болады.

**В случае возникновения дополнительных проблем** или при необходимости получить какую-либо дополнительную информацию обратитесь в Клуб *Nespresso*. Контакты Клуба *Nespresso* или ближайшего представителя *Nespresso* можно найти в буклете «Добро пожаловать в *Nespresso*», а также в разделе «Контакты» на сайте [www.nespresso.com](http://www.nespresso.com)

[illegible]



This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.



# ESSENZA Mini

by Nespresso

